



ТІЛ ТАРИХЫ: КІРІСПЕ

Славян тілдері





Біздің қазақ елі тура бір әлемнің үлкен ірі өркениеттердің ортасында орналасқан, бір жағынан қытайлардың мандарин деген диалектісі. Ол әлемдік деңгейде тілдік тұрғыдан алғанда ұлы державалардың бірі. Ал екінші жағында парсы, араб тілі, германдар мен латындардың арасында түркі тілдерінің ортасында дәнекер болып отырған славян тілі бар. Славяндар өзі негізінде Орталық Азиядан батыс жаққа көшкен тайпалар X ғасырдың ортасында өздерінің үлкен мемлекетін құрған. XI ғасырдың 2-жартысында Еуропада өзінің күш-қуатын көрсетіп, сельдтермен, гактермен шайқасқан. Соңында сельдтер мен гактер оларды ығыстырып, қазіргі кезде олар шығыс Еуропа мемлекеттерінде орнығып қалған. Славян тайпаларының бір ерекшелігі, жаулап алған жерлерінде, сол елмен тез арада қоғамдық қатынасқа түсіп, өзіне қарай тартып, тілі мен басқасын өздеріне ұқсатып жібереді екен. Сөйтіп, біртіндеп бастапқы тілі мен мәдениеті Еуропаның тайпаларымен бірге бірігіп, соңғы ислам қауымының тілі, қазіргі славян тілінің пайда болуына себеп болды.

Славян тілдері 20 тармаққа бөлінеді. Әлемде 300 млн. адам осы славян тілінде сөйлейді екен. Тілшілердің өздерінің өлшемі бойынша, индурупа тілі, бұл сөз үнді мен еуропа тілдерінің қосындысынан пайда болып, кейін көптеген тармақтарға бөлініп, соның бір тармағы славян тілі деп есептеледі екен. Славян тілін 20 тармаққа бөлгенде, оның бір тармағы болып есептелетін орыс тілінде 150 млн. адам сөйлейді екен. Украин мен польша тілінде 50 млн. адам сөйлейді. Жалпы алғанда, славяндар батыс славяндары, шығыс және оңтүстік славяндары болып үшке бөлінеді.

Батыс славян тілдері: поляк, серболужиц, чех, словак және өлі полаб тілі. Таралу аймағы: Польша, Чехия, Словакия және Алмания.

Шығыс славян тілдері: белорус, орыс, украин. Таралу аймағы: Ресей, Украина, Қазақстан, Қырғызстан, Прибалтика.

Оңтүстік славян тілдері: словен, хорват, босниялық, черногориялық, серб, болгар, македон. Таралу аймағы: Болгария, Босния және Герцеговина, Македония, Сербия, Словения, Хорватия, Черногория. Осы үш топтағы славян тілінде сөйлейтін адам саны 300 млн. құрайды.

Славян тілдері басқа тілдерден, тіпті, герман, неміс тілдерінен кейінірек пайда болғандықтан, олардың ежелгі құрылымы бір-бірінен ажырап алыстамаған. Сол себептен тілдері бір-біріне жақын, ұқсас болып келеді. Мәселен, орыс, украин, белорус тілдері бір тіл болып сезіледі екен. Бірақ тілдердің ұқсастығы бір ел болып тұруына, не бір ұлт болып қайта құрылуына негіз қаламайды. Олар қанша жерден бір-біріне жақын болса да, әрқайсысы өзінің ұлттық сипатын алып, өзіндік ұлттық мәдениетінің бояуын бойына сіңдіріп, әлемге танымал болған. Әрқайсысы өзінің ұлттық тілін, ұлттық мәдениетін қалыптастырып, әлемдік өркениетте өзінің орнын алуға әрекет жасап жатқан тармақтар. Тілдің бір жағы ұлттарды бір-біріне жақындатуға негіз қалайды десек, бір жағынан егер ұлттар өздерінің ұлттық сипатын алып кетсе, оның бетін қайтару қиынға соғады. Мысалы, Ирандағы парсылардың тілдері, Ауғанстандағы, Тәжікстандағы парсылардың тіліне өте ұқсас болғандықтан, олар бір-бірін түсінеді. Дегенмен бір мемлекет, бір ұлт болмайды.

Әр мемлекет тәуелсіздікке ұмтылады, себебі әр адамның тәуелсіздікке деген құштарлығы жаратылысынан табиғи болмысында бар дүние. Мысалы, төрт ағайынды бір әкеден болса да, өзінің дербес шаңырағын құруға әрекет жасайды.

Совет одағы құрылғанша бір де бір славян тармағына жататын тілдер, әлем деңгейінде танымал болған жоқ. Әлем деңгейіне оны жеткізген Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы. КСРО Еуропада және Азияда 1922 жылдан 1991 жылға дейін өмір сүрген мемлекет. КСРО саясаты қатыгездік саясатын ұстанған. Олар күштеп 15 республиканы өзіне бағындырып, бас кезінде халықтардың теңдігін ұрандатқанымен, кейін орыстандыру саясатын алға жетеледі. Белгілі бір дәрежеде орыс тілін 15 республикада және ықпалы бар шығыс Еуропаға, тағы басқа әлемдегі көптеген елдерге таратып, насихаттады. Табиғи, саяси, экономикалық, ғылыми негіздері болмағандығынан, экономика мен технология тұрғысынан батыс елдерінің артта қалғандығынан, 1991 жылы Кеңес Одағы ыдырап кеткенде табиғи түрде тіл де өзінің шарықтап тұрған биігінен құлай бастады. Қазірдің өзінде де ол, күн өткен сайын төмендеп барады. Славян тілдерінің ең мықты тілі орыс тілінің қазір Ресей орыстарының ішінде де қолданыс аясы төмендеп барады. Көптеген орыс азаматтары өз тілінен гөрі, ағылшын тілін мойындап, сол тілді үйренуге ұмтылады. XIX ғасырда КСРО-дан бұрын да, орыстарда француз тіліне құштарлығы пайда болып, кейін ол құштарлық ағылшын тілін үйренуіне ауысты.



Орыс тілі өте үлкен әдеби шығармаларымен өзінің әлемдік деңгейдегі қолтаңбасын белгілеп кетті. Ол Достоевскийдің, Толстойдың, Лермонтовтың, Пушкиннің т.б. ірі тұлғалардың шығармалары, әсіресе, романдары әлемде теңдесі жоқ романдар болып есептеледі. Роман жазуда аянбай еңбек етіп, талайды бағындырған орыс халқының осындай шығармаларының ықпалымен Ш. Айтматов, М. Әуезов өздерінің жаңа ұлттық бейнесімен, ұлттық суреткерлік ниетімен романдар жаза бастаған. Славяндардың әлем әдебиетіне қосқан үлесі, тілдік тұрғыдан өте биік деңгейде болғанын көрсетті. Украин, белорус тілдері де стандарттық мемлекеттік тіл ретінде қалыптасып, өзінің үлесін қосып келе жатыр.

Әлемдегі 7 мың тілдің 80%-ға жуығы жойылатын тілдер қатарында, өйткені ол тілде сөйлейтін адамдар саны 100 мыңнан жоғары емес. Үлкен тілдер қатарына ағылшын, орыс, қытайдың мандарин диалектісін, одан да үлкен тілдер қатарына түркі, парсы, араб т.с.с. тілдерін жатқызуға болады. Бұл тілдердің жақын арада жойылуы мүмкін емес, тек қана солардың ішіндегі тармақтары, мәселен, славян тілінің ірі тармақтарына жататын орыс, белорус, украин тілдері болса, польша, чехия, хорват, т.б. тілдерін ірі тілдердің қатарына жатқыза алмаймыз. Сол польша, чехия, хорват сияқты славян тілінің кіші тармақтарының келешекте жойылып кету қаупі бар.

Қазіргі таңда көптеген мемлекеттер өз тілдерін стандарт деңгейге жеткізу үшін барын салып жатыр. Ресей, Украина елдерінің белсенділігі, мықтылығы, олар қазіргі кезде басқа елдердің ғылымға ұмтылған жастарын тегін оқытып, өздеріне белсенді мүшелер тобын дайындап жатыр. Бүгінгі күні Қазақстанда да бірнеше жылдан бері елбасының саясатымен 2 мың Ауғанстан азаматы қазақ тілінде білім алып жатыр. Егер шетел азаматтарын орыс тілінде оқытатын болсақ, мемлекетіміздің қаражаты Ресейдің пайдасына жұмсалатын еді. Сондықтан шетелдің ғылымға ұмтылған азаматтарының қазақ еліне пайдасын келтіру үшін, оларға біздің елімізде тегін оқу мүмкіндігі қарастырылған.

Түрік, славян халықтарының ішінде, тілдерді үш топқа жатқызады. Әлемнің ірі тілдері (орыс, украин, белорус, түркия, Қазақстан, т.б.), әлсіз тілдер (литва, т.б., түрік халықтарының ішінде, татар), мүлдем әлсіз, келешегі жоқ тілдер (Сібір түркілерінің тілі, т.б.). Славянның шығыс, батыс, оңтүстік топтарының ішінде кейбір аты естілмеген тайпалар бар, олардың тілі де жойылатын тілдер қатарында. Славян тілінің 20 тармағының саны келешекте азаюы мүмкін, себебі бірқатары жойылу үстінде. Әр тілдің қазіргі заманда көрсеткішінің жоғары деңгейде болуы үшін, елдің саяси, мәдени, экономикалық деңгейі жоғары болуы тиіс. Славян тілдерінің әлемдік деңгейдегі саяси белсенділігі түрлі себептермен төмендеп отыр. Өйткені сол тілге бағынышты болғандар өткен ғасырдың Совет Одағының көрсеткен саясатына наразы, олардың қатаң саясаты оларды сол тілден бездірді.

Технология саласында Америка мен Қытайдан артта қалуы және экономикалық дағдарысы, славян тілдерінің келешекте үстем тіл болады деген теориясын жоққа шығарды. Саяси психологияда славяндарды «Совет Одағы», «коммунизм» атымен танығандар, олардан көңілдері қалып қалған. Сол себептен бүгінгі күні ағылшын тілін үйренудің белсенділігі артып отыр. Болашақта қытайлықтардың қазіргі экономика мен технологиядағы жетістіктеріне қарап, 15–20 жылдың ішінде қытай тілінің бірінші орында тұруы да мүмкін деген болжам бар.

Қорыта айтқанда, түркі халықтарының тілі, әлемнің ұлы державалар тілдерінің ортасында қанша өмір сүретіндігі белгісіз. Оның төңірегінде көптеген зерттеулер әлі де жалғасын табады деген ойдамыз.